«Ақмола облысы білім басқармасы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша
Экстремистік көріністердің терроризмнің алдын алу бойынша
өткен жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №1

Өткен күні: 19.09.2022 жыл.

Қатысқаны: 43
Қатыспағаны: -

Күн тәртібі:

1. Тақырыбы: «Экстремистік көріністердің,терроризмнің алдын алу»

   (ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.)

Жиналыс барысы: Бірінші кезекте ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж. сөйледі.
«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылдың қыркүйек айының 19-ы күнгі №700 шығыс хаты негізінде «Экстремистік көріністердің,терроризмнің алдын алу» тақырыбында аудан мектептері арасында онлайн форматта ата-аналар жиналысы өтілген болатын. Ол жиналысқа мектебімізден төрт ата-ана, психолог және мен қатысқан едік. Сол жиналыстың негізінде жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізгелі отырмыз. Онлайн форматта өткен жиналысқа Ерейментау полиция бөлімінің ювеналдық полиция тобының учаскелік инспекторы Керейбаев Медет Байтенұлы: «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Мурзакаев Арлан Нұрланұлы: «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету», экстремистік көріністердің, терроризмнің алдын алу бойынша Ерейментау «Жастар ресурстық орталығының теологі Исенов Еркебұлан Олжабайұлы баяндама жасаған еді. Сол жиналыстың негізінде біз де бүгін мектепте «Экстремистік көріністердің, терроризмнің алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысын ұйымдастырып отырмыз. Сізерге айтарым: Балаларды әрдайым назарда ұстаңыздар. Балаңыздың бос уақытын қайда өткізетініне көңіл бөліңіз. Әлеуметтік желіде көп отырып, ондағы келеңсіз жағдайларға ұрынуына жол бермеңіздер.
Екінші кезекте ата-аналарға «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» мәселелері бойынша ақпарат берілді. Ата-аналар сіздердің басты міндеттеріңіз кәмелетке толмаған балаларыңыздың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмау. Естеріңізге сала кетейін: 01.01.2015 ж. бастап Қазақстанда балаларға арналған «Комендаттық сағат» жұмыс жасайды. Бұл дегеніміз- 18 жасқа толмаған кез келген адамға түнгі уақытта заңды өкілдерсіз үйден тыс жерде болуға тыйым салынады. (ҚР-сы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 442-бабы, Осы баптың 2-бөлігінің санкциясында «ескерту», 1-бөлігінде-3 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл, 3-бөлігінде -7 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл көзделген). Кәмелетке толмағандарға болуға тыйым салынады: ойын-сауық мекемелерінде, сағат 22.00.-ден 06.00.-ге дейін. (ойын-сауық мекемелері: түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, интернет-кафелер, компьютерлік, бильярд, боулинг клубтар, кинотеатрлар, үй-жайлар, құрылыстар) т.б.

Тұрғын үйден тыс: сағат 23.00.-ден 06.00- ге дейін (ҚР-сы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес тұрғын үй заңды өкілдердің тұрғылықты жерін білдіреді).
Баланы кім ертіп жүруі керек? Полиция қызметкерлері көптеген қылмыстардың алдын алу үшін жұмыс істейді, сондықтан олар сізден құжаттарды сұрай алады., әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес бала заңды өкілімен, яғни ата-анасымен, асырап алушысымен, қамқоршысымен, асырап алушы ата-анасымен, патронат тәрбиешісімен немесе оларды алмастыратын басқа адаммен бірге болуы тиіс. Әкімшіілк жауапкершілік 16 жастан басталады. (белгіленбеген жерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық, тыныштықты бұзу) осы жасқа жеткенге дейін жауапкершілік жасөспірімдердің заңды өкілдеріне, яғни ата-аналарына жүктеледі.
Үшінші кезекте мектеп психологі Асқарова М.Ж. ата-аналармен «Балаңызды қалай жақсы көресіз?» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Ата-аналар белсенділік танытты. Өз ойларын толыққанды айтты.

ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.
Құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысқа келіп қатысқандарыңыз үшін рахмет. Балаларға абай болыңыздар! Сұрақтарыңыз бар ма? Болмаса осымен жиналысымызды аяқтап, қаулы-шешімін шығарайық.

Шешімі:

1. Ата-аналар өз  балаларының қауіпсіздігіне жауапты болады деп шешілді.
2. Балалардың ұялы телефондарын үнемі бақылауда ұстау

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Сақтағанова Р.Ж.
Хатшысы: Қолғанат А.

«Ақмола облысы білім басқармасы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша
Күзгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі бойынша
өткен жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №2.

Өткен күні: 20.10.2022 жыл.

Қатысқаны: 39
Қатыспағаны:

Күн тәртібі:

1. Тақырыбы: «Оқушылардың күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері». (ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.)

Жиналыс барысы: Бірінші кезекте ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж. сөйледі.
«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылдың қазан айының 18-і күнгі күзгі демалыс кезіндегі «Күзгі демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында аудан мектептері арасында онлайн форматта ата-аналар жианлысы өтілген болатын. Ол жиналысқа мектебімізден төрт ата-ана, психолог және мен қатысқан едік. Сол жиналыстың негізінде жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізгелі отырмыз. Онлайн форматта өткен жиналысқа Ерейментау полиция бөлімінің ювеналдық полиция тобының учаскелік инспекторы Керейбаев Медет Байтенұлы: «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», Ерейментау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің аға сержанты полициясы Жұмаділов Ахан Ғалымбекұлы: «Темір жолдан өту ережесі туралы», Ерейментау ауданының аурухана поликлиникасының дәрігер-геникологі Ахметова Ақмарал Кабикеновна : «Жасөспірімдер арасындағы инфекциялық аурулардың алдын алу», төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Мурзакаев Арлан Нұрланұлы: «Балалардың қауіпсізідк негіздері (су айдындарында, мұз үстінде , өрт кезінде т.б.) алдын алу бойынша баяндама жасаған еді. Сол жиналыстың негізінде біз де бүгін мектепте «Күзгі демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ата-аналар жиналысын ұйымдастырып отырмыз.
Сізерге айтарым: Балаларды әрдайым назарда ұстаңыздар, мұзға шығу қаупі туралы айтып отырыңыз. Балаңыздың бос уақытын қайда өткізетініне көңіл бөліңіз. Күзгі мезгілде су айдындарында, мұз үстінде жүруге жол бермеңіз. Мұздағы ойындар әсіресе қауіпті.
Екінші кезекте Жергілікті уәкіл инспекторы Искаков Асхат Талғатұлы сөйледі. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» мәселелеріне тоқталып кетті. Ата-аналар сіздердің басты міндеттеріңіз кәмелетке толмаған балаларыңыздың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау. Балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмау. Естеріңізге сала кетейін: 01.01.2015 ж. бастап Қазақстанда балаларға арналған «Комендаттық сағат» жұмыс жасайды. Бұл дегеніміз- 18 жасқа толмаған кез келген адамға түнгі уақытта заңды өкілдерсіз үйден тыс жерде болуға тыйым салынады. (ҚР-сы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 442-бабы. Осы баптың 2-бөлігінің санкциясында «ескерту», 1-бөлігінде-3 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл, 3-бөлігінде -7 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл көзделген). Кәмелетке толмағандарға болуға тыйым салынады: ойын-сауық мекемелерінде, сағат 22.00.-ден 06.00.-ге дейін. (ойын-сауық мекемелері: түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, интернет-кафелер, компьютерлік, бильярд, боулинг клубтар, кинотеатрлар, үй-жайлар, құрылыстар) т.б.

Тұрғын үйден тыс: сағат 23.00.-ден 06.00- ге дейін (ҚР-сы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес тұрғын үй заңды өкілдердің тұрғылықты жерін білдіреді).
Баланы кім ертіп жүруі керек? Полиция қызметкерлері көптеген қылмыстардың алдын алу үшін жұмыс істейді, сондықтан олар сізден құжаттарды сұрай алады., әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес бала заңды өкілімен, яғни ата-анасымен, асырап алушысымен, қамқоршысымен, асырап алушы ата-анасымен, патронат тәрбиешісімен немесе оларды алмастыратын басқа адаммен бірге болуы тиіс. Әкімшіілк жауапкершілік 16 жастан басталады. (белгіленбеген жерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық, тыныштықты бұзу) осы жасқа жеткенге дейін жауапкершілік жасөспірімдердің заңды өкілдеріне, яғни ата-аналарына жүктеледі.
Үшінші кезекте мектеп психологі Асқарова М.Ж. ата-аналармен «Балаңызбен етене жақын болыңыз» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Ата-аналар белсенділік танытты. Өз ойларын толыққанды айтты.

ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.
Құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысқа келіп қатысқандарыңыз үшін рахмет. Балаларға абай болыңыздар! Сұрақтарыңыз бар ма? Болмаса осымен жиналысымызды аяқтап, қаулы-шешімін шығарайық.

Шешімі:
1. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты болады.
2. Мұздар айдындарында болатын қауіптілікті насихаттап айтып отыру
3. Балалардың түнгі уақытта (әсіресе 11.00.-ден кейні) ересектерсіз жүруіне жол бермеу.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Сақтағанова Р.Ж.
Хатшысы: Қолғанат А.

«Ақмола облысы білім басқармасы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша
Қысқы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі бойынша
өткен жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №3

Өткен күні: 22.12. 2022 жыл.

Қатысқаны: 52.
Қатыспағаны:

Күн тәртібі:

1. «Қысқы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету" тақырыбында ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу, таныстыру.
(ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.)
2. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» мәселелері.
(Жергілікті уәкіл инспекторы Искаков Асхат Талғатұлы)
3. Психологиялық тренинг. (Мектеп психологі Асқарова М.Ж.)

Жиналыс барысы: Бірінші кезекте ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж. сөйледі:
«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылдың желтоқсан айының 14-і күнгі № 1062 шығыс хаты негізінде желтоқсан айының 19-ы күні қысқы демалыс кезіндегі «Қысқы демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында аудан мектептері арасында желтоқсан айының 19-ы күні онлайн форматта ата-аналар жианлысы өтілген болатын. Ол жиналысқа мектебімізден төрт ата-ана, психолог және мен қатысқан едік. Сол жиналыстың негізінде жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізгелі отырмыз. Онлайн форматта өткен жиналысқа Ерейментау полиция бөлімінің ювеналдық полиция тобының учаскелік инспекторы Керейбаев Медет Байтенұлы: «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», Ерейментау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің аға сержанты полициясы Жұмаділов Ахан Ғалымбекұлы: «Темір жолдан өту ережесі туралы», Ерейментау ауданының аурухана поликлиникасының педиатор дәрігері Толқын Ризабекқызы Хамзина: «Жасөспірімдер арасындағы инфекциялық аурулардың алдын алу», төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Азамат Қайратұлы Оразымбетов: «Балалардың қауіпсіздік негіздері (су айдындарында, мұз үстінде , өрт кезінде т.б.) алдын алу бойынша баяндама жасаған еді. Сол №1062 шығыс хаттың негізінде біз де бүгін мектепте «Қысқы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ата-аналар жиналысын ұйымдастырып отырмыз. Сіздерге айтарым: Балаларды әрдайым назарда ұстаңыздар, мұзға шығу қаупі туралы айтып отырыңыз. Балаңыздың бос уақытын қайда өткізетініне көңіл бөліңіз. Қысқы мезгілде су айдындарында, мұз үстінде жүруге жол бермеңіз. Мұздағы ойындар әсіресе қауіпті.
Екінші кезекте Жергілікті уәкіл инспекторы Искаков Асхат Талғатұлы сөйледі. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» мәселелеріне тоқталып кетті. Ата-аналар сіздердің басты міндеттеріңіз кәмелетке толмаған балаларыңыздың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау. Балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмау. Естеріңізге сала кетейін: 01.01.2015 ж. бастап Қазақстанда балаларға арналған «Комендаттық сағат» жұмыс жасайды. Бұл дегеніміз- 18 жасқа толмаған кез келген адамға түнгі уақытта заңды өкілдерсіз үйден тыс жерде болуға тыйым салынады. (ҚР-сы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 442-бабы, Осы баптың 2-бөлігінің санкциясында

«ескерту», 1-бөлігінде-3 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл, 3-бөлігінде -7 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл көзделген). Кәмелетке толмағандарға болуға тыйым салынады: ойын-сауық мекемелерінде, сағат 22.00.-ден 06.00.-ге дейін. (ойын-сауық мекемелері: түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, интернет-кафелер, компьютерлік, бильярд, боулинг клубтар, кинотеатрлар, үй-жайлар, құрылыстар) т.б.
Тұрғын үйден тыс: сағат 23.00.-ден 06.00- ге дейін (ҚР-сы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес тұрғын үй заңды өкілдердің тұрғылықты жерін білдіреді).
Баланы кім ертіп жүруі керек? Полиция қызметкерлері көптеген қылмыстардың алдын алу үшін жұмыс істейді, сондықтан олар сізден құжаттарды сұрай алады., әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес бала заңды өкілімен, яғни ата-анасымен, асырап алушысымен, қамқоршысымен, асырап алушы ата-анасымен, патронат тәрбиешісімен немесе оларды алмастыратын басқа адаммен бірге болуы тиіс. Әкімшіілк жауапкершілік 16 жастан басталады. (белгіленбеген жерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық, тыныштықты бұзу) осы жасқа жеткенге дейін жауапкершілік жасөспірімдердің заңды өкілдеріне, яғни ата-аналарына жүктеледі.
Үшінші кезекте мектеп психологі Асқарова М.Ж. ата-аналармен «Баламен қалай жылы сөйлесу керек?» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Ата-аналар белсенділік танытты. Өз ойларын толыққанды айтты.

Шешімі:

1. Қысқы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсізідігін ата-аналар бақылауында қалдыру.
2. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта көшеде жүруіне және қараусыз қалмауына жол бермеу.
3. Балалармен жылы сөйлесу, ақыл-кеңестер беруден таймау.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Сақтағанова Р.Ж.
Хатшысы: Қолғанат А.

«Ақмола облысы білім басқармасы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша
Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі бойынша
өткен жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №4

Өткен күні: 16.03.2023 жыл.

Қатысқаны: 49
Қатыспағаны:

Күн тәртібі:

1. Тақырыбы: «Оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері». (ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.)

Жиналыс барысы: Бірінші кезекте ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж. сөйледі.
«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2023 жылдың наурыз айының 13-і күні ЗУММ платформасы арқылы Ерейментау ауданының білім бөлімі онлайн форматта ата-аналар жиналысын өткізген еді. Соның негізінде «Көктемгі демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізгелі отырмыз. Ол жиналысқа мектебімізден төрт ата-ана, психолог және мен қатысқан едік. Онлайн форматта өткен жиналысқа Ерейментау полиция бөлімінің ювеналдық полиция тобының учаскелік инспекторы Дайырбеков Дархан Хамитұлы: «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», Ерейментау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің аға сержанты полициясы Жұмаділов Ахан Ғалымбекұлы: «Темір жолдан өту ережесі туралы», Ерейментау ауданының аурухана поликлиникасының педиатор дәрігері Бисембаева Фируза Базарбайқызы: «Кәмелеттік жасқа толмағандарға жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу», төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Нұрланов Ерлан Қаділмажитұлы: «Балалардың қауіпсіздік негіздері (су айдындарында, мұз үстінде , өрт кезінде т.б.) алдын алу бойынша баяндама жасаған еді. Сол жиналыстың негізінде біз де бүгін мектепте «Көктемгі демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ата-аналар жиналысын ұйымдастырып отырмыз.
Құрметті ата-аналар! Мектебімізге қош келдіңіздер! Келе жатқан Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын! Әр шаңыраққа құт-береке әкелсін!
Демалыс кезіндегі қауіпсіздік шараларымен таныстырып өтейін: Табиғаттың оянуына, құстардың көктемгі әніне, көктемгі күн сәулесіне риза болмайтын адам жоқ шығар. «Әр мұз жылуға дейін өмір сүреді»,-делінген мақал бар. Алайда көктем су тасқыны кезінде және мұз жетіспейтін кезде судағы мінез-құлық ережелерін сақтамайтын адамға қуаныш бола бермейді. Мұзда жүру бұл көптеген адамдарды қызықтыратын өте қызықты көрініс. Су тасқыны кезеңі бізден тәртіпті, сақтықты және мұз бен судағы тәртіп ережелерін сақтауды талап етеді. Көктемгі су тасқыны және мұздың түсуі кезіндегі тыйым салынатын жағдайлар: көктем кезінде су айдындарына шығуға, сең жүру кезінде өзеннен өтуге, мұз кептелген жерлерде өзенге жақындауға, төгілуге және құлауға ұшыраған тік жағалауларда тұруға, мұз кептелісіне жақындауға, мұзды жағадан итеруге, өзеннің немесе кез келген су қоймасының тереңдігін өлшеуге, мұз үстінде жүру және оларға мінуге болмайды. Көпірден, айлақ жағалауынаан мұздың ағып жатқанын көргенде, қоршаулар мен басқа қоршаулардан өтуге болмайды. Сондықтан құрметті ата-аналар, балалардың қауіпсіздігін сақтай білейік. Жалғыз өздерін су айдындарына, мұз қатқан өзендерге жібермеуге көңіл бөліңіздер. Және тағы да ескертемін: Электр құралдары: теледидар, электр үтік, шәйнек

т.б. тоққа қосып, ажырату кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтап, абай болу қажет. Газ құралдарын пайдалану барысында қаіпсіздік ережелеріне мұқият қарау керек. Әрдайым балаларға ескертіп отырыңыздар: көшеде өзінен үлкен ішімдік күйіндегі немесе есірткіге мас жасөспірімдерді кезедстірсе аулақ болуды, ешқашан таныс емес адамдармен көлікке отырмауды қатаң ескерту қажет.

Екінші кезекте ата-аналар сөйледі:
Махметова К.: Әрине бүгінгі жиналыс барысында айтылған қауіпсіздік ережелерін балаларға айтып түсіндіріп отырамыз. Сең жүру, мұздардың еруі бала түгілі малдарға да, үлкен адамдарға да қауіпті. Сондықтан ата-аналар әрқайсыңыз балалардың өміріне жауапкершілікпен қараңыздар.

Ибраева Ғ.Қ.: Бүгінгі жиналыстан көп ақпарат алдық деп ойлаймын. Енд іәр балаға ата-ана жауаптымыз ғой. Қауіпсіздік ережелерін бұзбай орындау керек. Әсіресе балалардың мұз үстіне баруынан сақтандыру керек. Қазір бірнше күннен кейін мұздар еріп, сең жүре бастайды. Сол кезде абай болған жөн, балаларымыздың өміріне қауіп төндірмей, керісінше, оларға көктем кезіндегі қауіпсіздік ережелерін айтып түсіндіріп отырған жөн.

ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.
Құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысқа келіп қатысқандарыңыз үшін рахмет. Балаларға абай болыңыздар! Сұрақтарыңыз бар ма? Болмаса осымен жиналысымызды аяқтап, қаулы-шешімін шығарайық.

Шешімі:

1. Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты болады.
2. Мұздардың еруі, сеңнің жүруіне байланысты балаларға үнемі ескертіп айтып отыру керек.
3. Су тасқыны кезеңінде тәртіпті, сақтықты және мұз бен судағы тәртіп ережелерін қатаң сақтау қажет.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Сақтағанова Р.Ж.
Хатшысы: Қолғанат А.

«Ақмола облысы білім басқармасы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша
«Ақмола облысының білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі»
ММ-нің басшысы Куркина С.М. 13 сәуір 2023 жылғы №313 шығыс хаты негізінде
9-11-сынып оқушыларының мектеп бітіруі мен қорытынды аттестаттаудан өтуі туралы
ата-аналарды таныстыру үшін 2023 жылы сәуір айының 17-сі күні
өткен ата-аналар жиналысының
Хаттамасы № 5

Қатысқаны: 16
Қатыспағаны: 4

Күн тәртібі:

1. 9-11-сынып оқушыларының мектеп бітіруі мен қорытынды аттестаттаудан өтуі туралы ақпаратпен таныстыру.
(Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж.)
(Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абыкеева Б.Қ.)

**Бірінші кезекте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж. сөз алды:**
Әзірше оқушылардың мектеп бітіру кештері туралы белгісіз,тұжырымдамасы келмеді, сондықтан толыққанды ақпаратты алдағы уақытта аласыздар дегім келеді. Дегенмен де мектеп бітіру кезінде ақша жинау, сыйлық алуға тыйым салынады. Сол жағына мұқият болыңыздар. Енді келесі кезекте назарларыңызға: «Ақмола облысының білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің басшысы Куркина Сауле Мейрамқызының 13 сәуірдегі 2023 жылғы №313 шығыс хаты негізінде
9-11-сынып оқушыларының мектеп бітіруі мен қорытынды аттестаттаудан өтуі туралы ақпаратпен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абыкеева Б.Қ. таныстырады.

**Екінші кезекте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абыкеева Б.Қ. сөз алды:**
Ең бірінші кезекте 11-сыныптың қорытынды аттестаттаудан өтуі бойынша ақпаратпен таныстырды: Мемлекеттік бітіру емтихандары 5-19 маусым аралығында болады.
5-маусым: Оқыту қазақ тілінде қазақ тілінен жазбаша емтихан (эссе ). 8-маусым: Алгебра және анализ бастамалары жазбаша, емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімінде ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын 15 тапсырма бар. Тапсырмалар 1 балмен бағаланады. В бөлімінде қысқа немесе егжей-тегжейлі жауаптарды қажет ететін 10-12 тапсырма бар. Тапсырмалар 2-8 балмен бағаланады. Жоғары балл:60. 12-маусым: Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан. Емтихан билеттер бойынша өткізіледі. Барлығы 30 билет, әр билетте білім алушылар ауызша жауап беретін үш сұрақ беріледі. Жоғары балл: 30. 15-маусым: Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан. Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады. Тапсырмаларда төрт қысқа мәтін бар, олардың жалпы көлемі 400 сөзден аспайды. Жоғары балл-40. 19-маусым: Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан. Емтихан жұмысы 2-3 бөлімнен тұрады. Ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар; қысқа немесе егжей- тегжейлі жауаптарды қажет ететін 4-5 тапсырма ; шағын зерттеу.
Алтын белгі бойынша өзгерістер: «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша қорытынды аттестаттауды НЗМ-де өткізу туралы норма алынып тасталды. 11-сыныптың барлық білім алушылары қорытынды аттестаттауды оқитын орны бойынша мектептерде өтеді. Биылғы оқу жылында мектебімізден бір оқушы «Алтын белгіге» үміткер.

Құжаттары тапсырылды. Енді тек дайындық жұмыстарына қатысып, білімін шындай түсу керек. Мектеп ұжымы сол оқушыдан «Алтын белгіні» алып шығады деген үміттеміз.
**9-сыныптың оқушыларын қорытынды аттестаттау:** Ана тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан: 2 маусым.
Математика(алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) -6 маусым.
Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) -9 маусым.
Таңдау пәні бойынша емтихан. 13-маусым.
Аттестаттар тапсыру 20-22 маусым аралығында жүргізіледі.
Мемлекеттік емтихандарға дайындық кестесі 9-11 сыныптарда және ҰБТ-ке дайындық кестесі жасалған, дайындық жұмыстары кестеге сай өткізіледі. Балалар дайындықтан қалмасын. Үйде де қадағалап отыруларыңызды сұраймын.

**Сөйлеген ата-аналар:**
Молдашева Т.: Менің балам Нұрдаулет Молдашев биыл «Алтын белгіге» үміткер, сіздердің еңбектеріңіз, мен ойлаймын сол үміттеріңізді ақтайды деп. Үйде де қадағалап отырамыз. ҰБТ-ке де дайындығы бар. Өз бетінше көп ізденеді. Рахмет, ұстаздарға.
Секуова А.Т.: Оқушыларға арнайы дайындық кестесі бар, мұғалімдер дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Менің ойымша, балалар өздерінің жыл бойы алған білімдерін көрсетеді деп. Сіздерге, рахмет айтамын ұстаздар қауымына.

**ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.** Құрметті ата-аналар, сұрақтарыңыз бар ма? Түсінбеген мәселелер болса сұраңыздар, жауап береміз. Егер сұрақтарыңыз болмаса, онда қаулы шығарайық.

**Қаулы:**

1. 9-11 сыныптардың мектеп бітіру және қорытынды аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыру
2. Арнайы кестеге сәйкес жұмыстар жүргізу.
3. ҰБТ -ке дайындық жұмыстарын бақылауда ұстау
4. Мемлекеттік емтихандарға дайындықты күшейту.
5. 9-11 сыныптардың мектеп бітіру және қорытынды аттестаттау жұмыстарымен ата-аналар таныстырылды.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Сақтағанова Р.Ж.
Хатшысы: Қолғанат А.

«Ақмола облысы білім басқармасы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша
Буллинг, кибербуллинг мәселесі жөнінде
2023 жылы сәуір айының 17-сі күні
өткен ата-аналар жиналысының
Хаттамасы № 6

Қатысқаны: 26
Қатыспағаны: 4

Күн тәртібі:

1. Буллинг мәселесі жөнінде ата-аналарға ақпарат беру, түсіндіру және жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу. (Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж.)
2. Кибербуллинг: Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? (ата-аналар үшін ақпарат). (мектеп психологі Асқарова М.Ж.)

**Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж.** ата- аналарға буллинг бойынша ақпарат беріп таныстырды: Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында буллинг көп тараған. Буллинг әр түрлі мағынаны білдіреді: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу. Ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру, сол жайында өсек тарату, оны елемеу немесе жекелету, ренжітетін, жаман әзіл айтса, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, ұрып-соғу, итеру немесе басқаша зақым келтіру, қоқан-лоққы көрсету, қорқыту. Буллинг онлайн немесе телефон арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Қазақстанда әрбір үшінші жасөспірім құрдастарының тарапынан қысымға ұшырап, буллингтің құрбанына айналуда. Ең сорақысы, мұның арты өліммен аяқталуы мүмкін. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер ментехнологиялардың жаңа деңгейге шығуы балалар арасындағы буллингті де жаңа деңгейге көтерген десем қателеспеген болар едім. Әр отбасының тәрбиесі әр алуан болатыны түсінікті. Ата-ананың барлығы баласына дұрыс тәрбие беріп, түзу жолда жүрсе екен дейді. Үйде баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіндік беру қажет. Сонымен қатар балны ұрып соғу, қысып ұстау, оның пікірін тыңдамау деген де болады. Осындай жағдайларда бала ішіне жиналып қалған агрессияны сыртқа шығарады, ол мектепке келіп, басқа балаларды кемсітумен, мазақтаумен көрініс табуы ықтиамал. Буллинг қандай жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін? Сіздер қалай ойлайсыздар?
**Ата-ана:** Сулейменова Ж.С. Менің ойымша, Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін. Уайымдау, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы, өзі жайлы жаман ойлау, өз-өзіне физикалық зақым келтіру, өлім туралы ойлау, сабақ үлгерімінің нашарлауы, ауыру, өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу, қорқу. т.б.
**Ата-ана:** Тулеубаева Р.А. Мен айтар едім: Буллингке ұшыраған бала ата-анасымен, мұғалімдерімен өз оқиғасын бөлісе алады. Үлкендер сол мәселені шешуге ақыл-кеңес бере алады. Көмек пен қолдау көрсетеді.Ал мен сіздерге мынадай ақыл-кеңес айтар едім: «Мен саған сенемін» бұл балаға кез келген жағдайда өзін жалғыз емес екенін ұқтырады. «Бұл сенің кінаң емес» осы арқылы балаға мұндай мәселеге тап болып тұрған өзі ғана емес екенін түсіндіру маңызды. Балаңыз кез келген жағдайда көмек сұрауға дайын болатындай әрқашан сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
**Екінші сұрақ бойынша мектеп психологі Асқарова М.Ж.** түсіндірме жұмысын жүргізді.

Кибербуллинг: Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? тақырыбында ата-аналарға түсініктеме берді. Балалар арасындағы кибербуллинг мәселесіне тоқталды. Балалардың өміріне түрлі гаджеттер мен ойындардың араласып кетуі оларға қарсы көрсеткіштердің болатынын айтты. Балалардың 80 пайызы телефон мен компьютерге тәуелді болып қалған. Көп жағдайда ойынға беріліп кеткен балалар виртуалды әлемді шынайы өмірмен шатастырып алады да, суицид пен басқа да әрекеттер оларға оңай болып көрінеді. (ата-аналарға ақыл-кеңес видеороликін ұсынды). Өз сөзін қорыта келе, әрбір ата-анаға өз баласымен ашық әңгімелесуді, мектеп қабырғасында өзі немесе басқа бала қысымға ұшыраса не істеу керек екенін түсіндіруге кеңес берді. Сонымен бірге баланың өзі агрессорға айналып кетпес үшін , айналасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру қажет деп санайтынын баса айтты. Өз балаларыңызбен жақын болыңыздар, оларды не толғандыратыны мен не алаңдататынын білгеніңіз жөн. Шынайы проблеманы шешу үшін виртуалды әлемге қашудың қажеті жоқ екеніне баланың көзін жеткізіп, ұғындырыңыз. –деп сөзін аяқтады.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж.**

Құрметті ата-аналар сұрақтарыңыз бар ма? Сіздер мен біздер болып балаларды болып жатқан оқиғалардан әсіресе буллинг, кибербуллинг мәселелерінен қорғай білейік. Әрдайым оларға түсінідіріп айтып отыруды әдетке айналдырсақ, балаларымыз аман жүрері сөзсіз. Сұрақтарыңыз болмаса, қаулы шығаруға көшейік.

**Қаулы:**

1. Буллинг, кибербуллинг мәселесі бойынша ата-аналарға толыққанды ақпарат берілді.
2. Алған ақпаратты іс жүзінде іске асыру, орындау керек.
3. Балаларға көп көңіл бөліп, олармен үнемі қарым-қатынас жасап отыру керек.
4. Буллинг, кибербуллингті болдырмау үшін оқушылармен де, ата-аналармен де үнемі түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыру. Әрдайым қарым-қатынаста болу.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: [signature] Сақтағанова Р.Ж.

Хатшысы: [signature] Қолғанат А.

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша «Қауіпсіз жаз-2023» Ата-аналар жиналысының
Хаттамасы № 7

Қатысқандар: 43
Қатыспағандар:

Өткізу күні: 24 мамыр 2023 жыл
Өткізу уақыты. 15.00.

Тақырыбы: «Жазғы демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бойынша жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігін сақтау, су айдындарында, өрт жағдайында, үйде жалғыз қалғанда т.б. таныстыру, мәліметтер беру, слайд көрсету, бейнематериалдар арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нұсқаулықтар беру.

**Күн тәртібінде:**

1. Ата-аналар мен жасөспірімдердің әкімшілік жауапкершілігі туралы.
Балалардың қауіпсіздік негіздері:
- Өрт қауіпсіздігі
- Судағы қауіпсіздік (су айдындарында, өзен-көлдердегі)
- ЖЖЕ қауіпсіздігі (мотоциклмен жүру)
- Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас
- Интернет қауіпсіздігі

(ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.)

2. Кәмелеттік жасқа толмағандарға жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу. Жасөспірімдер арасында инфекциялық аураулардың алдын алу.
Медбике Шамарханқызы Гүлира.

3. Буллингтің себептері, түрлері, алдын алу жолдары. Суицидтің алдын алу шаралары.
Мектеп психологі Асқарова М.Ж.

4. Тренинг.
Мектеп психологі Асқарова М.Ж.

5. Әртүрлі мәселелер: - Мектепішілік есепке қою туралы жаңа қаулымен таныстыру.
-Электронды сигарет туралы айтып ескерту.
Мектеп директоры Сергазинова Г.Т.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж. «Жазғы демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ата-аналарға түсіндірме жұмысын жүргізді. Ата-аналар мен жасөспірімдердің әкімшілік жауапкершілігі туралы айтты:Естеріңізге сала кетейін: 01.01.2015 жылдан бастап Қазақстанда балаларға арналған «Комендаттық сағат» жұмыс жүргізілуде. Бұл дегеніміз- 18 жасқа толмаған кез келген адамға, балаға түнгі уақытта заңды өкілдерсіз үйден тыс жерлерде болуға тыйым салынады. (ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 442-бабы, осы баптың 2-ші бөлігінің санкциясында «Ескерту», 1-ші бөлігінде -3 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл, 3-ші бөлігінде- 7АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген). Кәмелетке толмағандарға болуға тыйым салынады: ойын-сауық мекемелерінде: түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, интернет және компьютер клубтар, –сағат түнгі 22.00.-ден 06.00.-ге дейін. Тұрғын үйден тыс-сағат түнгі 23.00-ден 06.00.-ге дейін (ҚР Азаматтық Кодексінің 16-бабына сәйкес, тұрғын үй заңды өкілдердің тұрғылықты жерін білдіреді). Баланы кім ертіп жүруі керек: полиция қызметкерлері көптеген қылмыстардың алдын алу үшін жұмыс істейді, сондықтан олар сізден құжаттарды сұрай алады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес бала заңды қамқоршысымен , асырап алушы ата-анасымен, патронат тәрбиешісімен немесе оларды алмастыратын басқа адаммен бірге болуы тиіс. Әкімшілік жауапкершілік 16 жастан басталады: белгіленбеген жерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық, тыныштықты бұзу, осы жасқа жеткенге дейін жауапкершілік жасөспірімдердің заңды өкілдеріне яғни ата-аналар сіздерге жүктеледі. ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Қылмыстың дәлелдемелері мен құрамы болған кезде айыпталушыға қатысты қылмыстық іс сотқа жіберіледі. Сондай-ақ жастар есірткі заттарын сақтағаны және сатқаны үшін, қолдан жасалған суық каруды, пышақтарды, кастеттерді, нунчактарды сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады- деп ескертті. Ата-аналарға Көшедегі жарақат, Велосипед, мотоцикл қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, биіктік , бейтаныс адамдармен қарым-қатынас, интернет, су айдындарындағы қауіпсіздік туралы айтып, ақпарат беріп, кеңестер ұсынылды. Ескертулер жасалды.

2-ші мәселе бойынша:Кәмелеттік жасқа толмағандарға жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу. Жасөспірімдер арасында инфекциялық аураулардың алдын алу туралы медбике Шамарханқызы Гүлира ата-аналарға кеңестер ұсынды: Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандардың ерте жастағы жүктілік фактілері бар. Бұл кезде қарама-қарсы жыныстағы жасөспірімдер арасындағы достық жақындыққа ұласады, нәтижесінде қыздар жүкті болады, ал ер балалар 16 жасқа толмаған адаммен «жыныстық қарым-қатынастың» ықтимал салдарын білмей, 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесілетін қылмыскерлерге айналады. (ҚР ҚК 122 бабы бойынша). Жаз мезгілінде болатын түрлі инфекциялық аурулар туралы айтылып, ескертулер жасады. Үнемі гигиеналық талаптар сақталуы керк екенін айтты.

3-ші мәселе бойынша мектеп психологі Асқарова М.Ж. Буллингтің себептері, түрлері, алдын алу жолдары. Суицидтің алдын алу шаралары туралы тоқталып өтті: Зерттеулерге сәйкес, балалық шақтағы зорлық-зомбылық ересек жаста ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Жас кезінде қорлыққа ұшыраған балаларда есейген шағында психологиялық және денсаулыққа қатысты проблемалары болуы мүмкін. Буллинг (bulling) - өзін жеке дара, басқа адам тарапынан немесе топ ішінде қорғай алмайтын жағдайдағы психологиялық немесе физикалық қысым, зорлық-зомбылық, менсінбеу, қорқыту. Мектепте буллингтің алдын алу бойынша профилактикалық бағыттар бірнеше ережелерге сәйкес жүргізіледі: Зорлық -зомбылық және оның түрлері туралы берілетін ақпарат анық болуы және қоғам үшін теріс құбылыстардың одан әрі салдары туралы білім беріледі. Салауатты өмір салтын насихаттау керек және өмірлік дағдыларды ақпараттандыруға басты назар аудару, күйзеліс, өмірлік сәтсіздік, оқшаулау кезінде жағымды құбылыстардың пайда болуына көмек көрсетіледі.Біздің мектепте буллинг жағдайы жоқ дегенмен де мектепте буллингтің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіліп тұрады. Мектепте сенім жәшігі бар.

4-ші мәселе бойынша мектеп психологі Асқарова М.Ж. ата-аналармен «Әдемі көздер» атты тренинг өткізді. Ең алдымен ата-аналар көздердің суреттері арқылы өз балаларын танып тауып алды. Тренингтің негізгі мақсаты балаларды жазалаудан тығырықтан қалай шығу керек екенін айтып ата-аналар ойларын бөлісті. Тренинг өте қызықты, тартымды өтті.

5-ші мәселе бойынша мектеп директоры Сергазинова Г.Т. сөйледі: Бірінші кезекте ата-аналарды Мектепішілік есепке қою туралы жаңа қаулымен таныстырды: Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 3-ші наурыздағы №61 бұйрығы шықты. Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы. Мектепішілік есепке алу келесі міндеттерді шешуге бағытталған: жоғары педагогикалық назар аударуды талап ететін балаларды уақтылы анықтауға; білім алушыны білім беру ортасының жағдайына бейімделуге көмектесу, оқу мотивациясын арттыруға; ата-аналар және өзге де заңды өкілдерге балаларды оқыту ме тәрбиелеуде көмек көрсетуге; кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқық бұзушылықтарының және қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің алдын алуға; білім алушыларға, олардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталады. Білім алушыны МЕА сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтің, пән мұғалімдерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың өтініші негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұсынысы бойынша профилактикалық кеңес отырысында қаралады. Бізде мектепте профилактикалық кеңес құрамы бес адамнан құрылды: -мектеп директоры Сергазинова Г.Т.-ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж.-Ауыл әкімі Алимжанова Г.Т. - Мектеп психологі Асқарова М.Ж. - Жергілікті уәкіл инспекторы Искаков А.Т. Қажет болған жағдайда Профилкатикалық кеңес отырысына қатысуға мүдделі мамандар (сынып жетекшісі, педагог-психолог, пән мұғалімі, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтары қорғау жөніндегі аумақтық комиссияға: кәмелетке толмаған баланы асырау, тәрбиелеу немесе оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге қатысты материалды қарау туралы; әкімшілік жауаптылық белгіленген әрекетті жасаған кәмелетке толмаған адамға қатысты материалды қарау туралы ұсыныс береді. Білім алушыны ішкі істер органдарына есепке қою туралы. МЕА үшін негіздер: академиялық үлгермеушілік; отбасындағы жайсыздықтар;қадағалаусыздық, панасыздық, қаңғыбастық, қайыршылық.; Мектептің Жарғысын және мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел немесе бірнеше рет бұзу; сабақтарға дәлелсіз себептермен жүйелі түрде қатыспау; әкімшіілк құқық бұзушылық жасау; психикалық белсенді, уытты заттарды, есірткі құралдарын, спиртті ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу.Білім алушылардың жалпы МЕА мерзімі үш айдан алты айға дейін. Сонымен қатар мектеп директоры Сергазинова Г.Т. ата-аналарды электронды сигарет туралы айтып ескерту жасады.

Ұсыныстар:

-Ата-аналарға балалардың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды қадағалау ұсынылды.

- Ата-аналарға оқушылардың жазғы демалысқа белсенді қатысуына ұсыныстар жасалды

Шешім:

1.Ата-аналар балалардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін күнделікті қадағаласын.

2.Балаларды жазғы демалыстан қалдырмау, әрқашан мектеппен байланыста болу.

3.Жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты.

(қосымша ата-аналар қолдары берілген)

Ата-аналар жиналысының төрайымы: [signature] Р.Ж.Сақтағанов

Хатшы: [signature] Қолғанат А.